

характерны для многих древних музыкальных инструментов. До его появления в народе были распространены духовые, щипковые и ударные инструменты. Так, например, дангыра с металлическими подвесками (род бубна) и асатаяк (трость с подвешенными погремушками) встречались еще в далеком прошлом. Очевидно, металлические шумовые пластинки на кылкобызах были заимствованы именно от них. Кылкобыз был неприкосновенной собственностью баксы и жырау -это же явилось одной из причин, приведших к его исчезновению, так как с середины XIX века велась активная борьба с шаманизмом. В 1880-е годы этнограф С. Рыбаков писал: "В настоящее время число их сильно уменьшилось, и баксы представляет теперь явление довольно редкое" [5:160]. Окончательно, баксы исчезает после Октябрьской революции. Период наибольшего распространения кылкобыза способствовал развитию казахского фольклора в легендах и сказаниях. Казахские кобызисты сочинили немало прекрасных кюев для этого инструмента. "Одна из них легенда-кюй "Акку" (лебедь) талантливо воспроизводит полет, приземление, взлет, хлопанье крыльев лебедя по воде"[3:118]. Звуки кылкобыза недаром сравнивают с лебединым криком. Также известны старинные кюи "Коркыт", "Жез киик" (Медная сайга), "Каскырдын улыганы" ("Вой волка").

"В кюях кыл кобыза устойчиво сохраняется глубинное смыслодержательное ядро, присущее менталитету казахской кочевой культуры; Кыл кобыз в существенной мере сохранил свое значение священного инструмента традиционного общества; Не только слово и музыка, но и сама форма инструмента несет важную социокультурную информацию о мире и человеке" [6:32]. На протяжении многих столетий сложилась самобытная традиция игры на этом древнем казахском музыкальном инструменте, которые не встречаются при исполнении на других смычковых. В советское время начались поиски выразительных средств инструмента, что привело к созданию современного четырехструнного кобыза. Существует два вида кобыза: двухструнного-со струнами из конских волос и четырехструнного с металлическими и жильными струнами. С созданием нового типа кобыза, где конский волос был заменен стальными струнами, необходимо сохранить и прежний кылкобыз, чтобы не утратить его уникального звучания. Кобыз, и ныне пользуется большой популярностью среди казахов, напоминая о традициях и духовном наследии наших предков.

Список литературы:

1. М.Жумабаев "Пророк",Издательство "Аударма",2010.-368 с.
- 2.М.С.Орынбеков "Духовные основы консолидации казахов", Издательство "Арқаим", 2001. -252 с.
- 3.Б.Сарыбаев "Казахские музыкальные инструменты", Издательство" Жалын",1978. - 176 с.
4. Б.Аманов, А. Мухамбетова "Казахская традиционная музыка и XX век", Издательство "Дайк-пресс", 2002. - 544 с.
5. С.Г. Рыбаков. Баксы. Живая старина."Туркестанский вестник", 1887, вып.2, стр.160.
6. Г.Темиртон(Садыкова) "Традиционная музыкальная культура в контексте социокультурной модернизации", 2013. -160с.

Жамбыл ауданы - ақындар мен батырлар елі!

Баймұхамбет Арайлым

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор А.Б. Қалыш
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Тарихты танып, зерделеу керек, тарихты таразылау керек, сонда тағдырыңды, бүгінгі тұрпатыңды танысың, келешегіңді бағдарлайсың, алдағы жүрер жолыңның сілемін табасың...» демекші өз тұрған өлкемізді танып-білу әр азаматтың міндеті деп санаймын.

Ертеңі өрісті, келешегі келісті – Жетісу жерінде Ұзынағаш өлкесі орналасқан. Қазіргі әкімшілік бөлік деректері бойынша Алматы облысы деп аталатын ірілендірілген аймақтың табиғаты әсем, жері тұнған байлыққа толы бір өңірін Жамбыл ауданы алып жатыр.

Батырлар мен ақындар мекені атанған Жамбыл ауданының жері ежелгі қазақ ордасының қазығы қағылған тарихи өңір. Шамамен алғанда XV ғасырдың орта тұсында Үңгіртастың батысынан Қордай тауларына қарай созылған Қозыбасының текше тауларында қазақ ордасының туы желбіреді [1, 22 б.]

Жамбыл ауданы 1928 жылы құрылған. Аумағы 19,32 мың шаршы шақырымды құрайды. Ауданда 24 ауылдық округтер, 61 елді мекен бар. Аудан орталығы – Ұзынағаш ауылы. Бастапқы атауы – Ұзынағыс. Бұлай аталу себебі аудан жерін басып өтетін тау өзенінің Күртінің жазығына дейін кететін кең алқапты алып жатуынан және ағысы қатты болғандығынан. Орыс мұжықтары XIX ғасырдың екінші жартысында осы жерге қоныстанғаннан кейін Ұзынағысты «Узынагыс» деп, бара бара Узунагач аталып, оны қазақшалағанда Ұзынағаш болып кеткен [2, 605 б.]

XIX ғасырдың алпысыншы жылдарында, әйгілі Ұзынағаш шайқасынан кейін Қазақстанның Ресейге бірігуі толық аяқталды. Орыс патшалығы осы өлкені басқаруды жеңілдету үшін орыс мұжықтарын қоныстандыра бастаған. Орыс шаруаларын орналастыру нәтижесінде Ұзынағашта шіркеу салынып, ол Казанско-Богородский шіркеуі деп аталған. Сол кездегі статистикалық мәліметтерде Ұзынағаш Казанско-Богородский поселкесі деп көрсетіледі.

Ауылдағы биік жотаның үстінде, ұшар басында қыран құс бейнеленген мәрмәр монумент ондаған шақырымнан көзге түседі. Бұл монументтің өзіндік тарихы бар. Аталмыш ескерткіш 1910 жылы салынған. Бұл ескерткіштің тарихы 1860 жылғы әйгілі Ұзынағаш шайқасымен тікелей байланысты.

Ұзынағаш шайқасы-Жетісу өңіріне саяси-әкімшілік ықпалын жүргізіп, билігіне бағындыруға ұмтылған Қоқан сарбаздары мен отаршыл орыс әскерлері арасындағы болған қарулы қақтығыс ретінде белгілі.

Қоқандықтар Іленің оңтүстік-батыс бетіндегі қазақ-қырғыз ауылдарын бағындырып, орыс әскерлерін Іленің арғы бетіне қумақ ниетте еді. Бұл хабар Верныйдағы Алатау округінің бастығы, подполковник Г.А.Колпаковскийге жетеді. Қазан айының басында Колпоковский өлкедегі әскери бөлімшелер мен гарнизон басшыларын Верныйға жинап, төтенше кеңес құрып, шайқасқа түсуге ықтимал жер-Қастек қорғаны деп шешеді. 1860 ж. 19 қазанда таңертеңгі шамасында Қастекте үлкен шайқас болды. Аталмыш жылдың 19-21 қазан арасындағы Ұзынағаш шайқасы – Қоқан хандығының алғаш рет ойсырай жеңілгендігімен тарихта белгілі. Қазақстанның Ресейге қосылуының соңғы нүктесі осы Ұзынағаш шайқасымен айқындалады. Бұл шайқаста Сұраншы батыр, Сарыбай би, Андас датқа, Байсейіт батыр тағы басқа халық батырлары ерекше белсенділік танытқан.

Орыс әскери генералдары осы халық батырларымен амалсыздан санасып отырған. Орта Азия мен Қазақстанның тағдыры шешілген бұл шайқастың тарихи мәні зор [3, 65 б.].

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, Ұзынағаш 1929-1956 жылдары «Ленин» атындағы колхоздың еншісінде болды. Бұл колхоз 1956-1997 жылдар аралығында сүт өндіретін кеңшардың орталығы болған. Одан кейінгі жылдары Ұзынағаштағы бұрынғы кәсіпорындар мен мекемелердің басым көпшілігі жекешелендірілді [1, 95 б.].

Ұзынағаш ауылының жанынан республикалық дәрежедегі Алматы-Шымкент күрежолы өтеді. Халық саны 30 589 адам (2009 ж.) [2, 7 б.].

Жамбыл ауданы Алматы облысының оңтүстік-батыс бөлігін алып жатыр. Аудан Жамбыл облысының Қордай ауданымен, Алматы облысының Іле және Қарасай аудандарымен және Қырғызстан Республикасымен шектеседі. Оңтүстігі мен оңтүстік-батысын асқаралы Алатау сілемдері көмкеріп жатыр. Бұл таулардан Қарғалы, Ұзынағаш, Қарақыстақ, Кастек, Жиренайғыр, Жаманты, Ақтерек, Ырғайты сынды ұзын ағыстар, кішігірім өзендер бастау алып, кең далаға сән беріп, сарқырап ағып жатады. Жамбыл ауданының оңтүстік өлкесін көмкерген Алатау шындарының бергі бөктерін Үшқоңыр,

Құмбел, Үлкенсаз, Кішісаз, Құлансаз, Майтөбе, Қарақия, Қарабастау, Асусай, Ақтасты, Көктөбе, Суықтөбе, Қоңыртөбе, Желдісай, Атжайлау сияқты шөбі шүйгін, көкмайсалы салқын жайлаулар, далалы аймақтар алып жатады [1, 23 б.].

Аймағымыздағы еліне қорған болған батырлар: Қарасай Алтынайұлы, Шапырашты Наурызбай Құтпанбетұлы, Сәмен батыр, Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы, Сарыбай би Айдосұлы, Сұраншы Ақынбекұлы, Медетбек батыр Есебайұлы. Ақиық ақын, жыр сүлейлері: Сүйінбай Аронұлы, Жамбыл Жабаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Әбдіғали Сариев, Өтеп Оңғарбайұлы, Есдәулет Кандеков, Өмірзақ Қарғабаев. Азаттық жолындағы күрескерлер: Бекболат Әшекеев, Байбатшанов Құрпан, Әбдіқадір Иминов [3 4, 64 б.] Қазіргі кездегі өнер саңлақтары: Нұрғиса Тілендиев, Әсет Бейсеуов, Қамал, Қармысов, Жамбылов Әлімқұл, Сейілжанова Гүлсім, Зәмзәгүл Шәріпова, Мұхаметжан Етекбаев, Надежда Лушникова, Нағима Есқалиева т.б. Қазақ елінің бүгінгі батыр ұрпағы, ғарышқа қанат қаққан тұңғыш қос ғарышкеріміздің бірі, Қазақстанның Халық Қаһарманы, мақтан тұтар марғасқа ұлы Талғат Мұсабаев та біздің Жамбыл ауданының перзенті [1, 59 б.]

Көршілес жатқан қазақ пен қырғыз еліне аты мәлім, кезінде емшілігімен де, оташылдығымен де танымал болған абыз-әулиелеріміздің бірі-Құртқа тәуіп Сұлтанқожаұлы. Ол 1770 жылы дүниеге келген, 1906 жылы қайтыс болған. Бабамыздың 136 жыл өмір сүргендігі де біраз жайдың басын ашса керек. Түрліше шөптерден дәрі-дәрмек жасап, жаугершілік заманда жаралыларды емдей білген. Тіпті оларға ота жасап, денесіндегі садақ жебесін алған деген де аңыз бар. Құртқа тәуіпке арнап ауданымыздың Шилібастау ауылында үлкен кесене тұрғызылған [4, 51 б.].

Сүйінбай ақын мұражайы

«Айтыс өнерінің алтын діңгегі» атанған әйгілі өнер саңлағы Сүйінбай Аронұлының артында қалған мол мұраларын жинақтап, халыққа дәріптеу мақсатында 1990 жылы ақынның әдеби-ескерткіш мұражайын ашу қолға алына бастады. Мұражай ақынның туған жері Алматы облысының жамбыл ауданы, Қаракыстақ ауылында 1996 жылы ашылды.

Мұражайдың ашылуына Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың өзі қатынасып, салтанатты түрде лентасын қиды. Мұражайды ашу Алматы облысының әкімі Серік Әбікенұлы Үмбетовтың 1996 жылғы 24 сәуірдегі №4-104 шешімімен жүзеге асты. 1997 жылы 9 сәуірде Алматы қаласындағы Әділет Министірлігінде №1906-1907-М-е тіркеліп құжаттанды.

Ғимараттың келбетін келтіріп, шығыстық үлгімен жасалуына сәулетші Серік Сұртаев пен Сүйінбай ақынның мәрмәр тастан жасалған ескерткіш бюстінің авторы Бақытжан Әбішовтың де еңбегі ересен. Мұражайдың жер көлемі-жарты гектарға жуық. Мұражайда барлығы 772 экспонаттар тіркелген, оның 430-ы негізгі қорда. Сүйінбай ақын өмір сүріп, дүниеден өткен Алатау баурайында, мұражайдан 5-6 шақырым жерде Елбасының тікелей нұсқауымен 2000 жылы зәулім кесенесі тұрғызылған [1, 232 б.].

Жыр алыбы Жамбылдың мұражайы

Жыр алыбы Жамбылдың мұражайы – Жамбыл ауданының Жамбыл атындағы тарихи және мәдени мекеме, әдеби-мемориалдық мұражай. 1946 жылы Қазақстан үкіметінің шешімімен қазақтың көрнекті ақыны Жамбыл Жабаев тұрғын үйде ұйымдастырылған. Ол Алатаудың Майтөбе биігіне таяу жазықтағы, ақын көзі тірісінде өзі еккен алма, алмұрт ағаштарының арасында 1946 жылы салынған кесене тұр. Ақын сүйегін жалпы қорымға емес, өзі тұрған үйдің іргесіндегі алма бағына жерлерді аманат еткен. Сол аманаты орындалған. 1946 жылы 100 жылдық мерей тойы қарсаңында биіктігі 18 метрлік, шығыстық архитектураның ерекше үлгісімен салынған мавзолейі тұрғызылды. Оның бас архитекторы – сол кезде Алматы қаласының бас архитекторы қызметін атқарған көрнекті сәулетші Белоцерковский. Кесене 1970, 1996 жылдары қайта өңделіп, ақ мәрмәрмен қапталды. Кесененің ортасына – ақын денесі жерленген орынға құлпытас қойылған. Шыға берісінде сол жақ босағада ақын киесі – қызыл шұбар жолбарыстың мүсіні орналасқан.

Мұражайдың негізгі бөлігі – Жамбыл өмір сүрген үйдің бөлмелері сол қалпында. Ондағы 12 бөлмеде ақынның өмірінен сыр шертетін экспонаттар, деректемелік материалдар кезең-кезеңімен сақталған. Ақын мұражайы оның көзі тірі кезіндегідей жабдықталған.

Барлық үй жиһаздары Жамбылдың өзі қолымен ұстаған, иығына ілген бқйымдары. Саяхат та тізбегімен жүргізіледі.

Мұражайдағы 3000-нан аса экспонаттың негізгі бөлігін ақынның заттары, өмірінен деректер беретін, шығармашылық кезеңдерін көрсететін суреттер құрайды. Ауласында ақынның автокөлігі тұрған гараж бар [1, 234 б.].

«Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы

Таңбалы мәдениландшафтысы археологиялық ескерткіші кешеніне 900 га аумақты алып жатқан және соның ішінде теңіз деңгейінен 982 м биіктегі Таңбалы шыңы кіретін дөңгелек кеңістік кіреді. Таңбалы бұлақтары ескерткіш аумағын шамамен тең екі бөлікке бөліп, солтүстік пен солтүстік-шығысқа қарай төменгі кең жазыққа алып шығады. Ескерткіштің жақын төңірегіндегі 2900 га ішінара қоршалған аумағында ескерткіштен солтүстік-батыс пен оңтүстік-шығысқа қарай петроглифтер, обалар мен ежелгі және орта ғасырлардағы елді мекен орындары бар.

Ескерткіш келесі мәдени сипаттардың жиынтығы бойынша дүниежүзілік ұлы маңызға ие. Ол ішкі қисынмен үйлестірілген 5000 – дай суреттерден құралған.

«Таңбалы тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы Қазақстан Үкіметінің №1053 қаулысымен 2003 жылдың қазан айында құрылған болатын. [3, 18 б.].

Қорытындылай келе, «Ақындар мен батырлар елі» атанған, жеріне құт дарып, қызыр қонған мекеніммен мақтанамын. Бұл өңір «Жер жаннаты – Жетісу» жерінің бір пұшпағы десе де болады. Түгін тартсаң, майы шығатын киелі топырақ кешегі ел қорғаған Қарасай, Наурызбай, Сұраншы, Саурық, Сәмен сынды батыр бабаларды, Сүйінбай, Жамбыл, Үмбетәлі сияқты ақын даналарды, өнер әлемінде өшпес із қалдырған Нұрғиса мен Әсеттей ардақты ағаларды және еліміз егемендік алғаннан кейін ғарыш кеңістігіне жол салған Талғаттай жұлдызды жігіттерді дүниеге әкелген киелі мекен.

Ертеректе Асан қайғы бабамыз Жерұйығын іздеп, Жетісу өңіріне келгенде, «Жетісудың ағашының басы жеміс екен, жері шаруаға жайлы қоныс екен» деп баға берген екен. Абыз бабамыз айтқандай, қызыр қонған осы шұрайлы өлкенің оңтүстік-батысын біздің аудан алып жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Есенкұлов Ж. Ақындар мен батырлар елі. – Алматы: ЖШС «Мирас» баспасы, 20097 –261 б7
2. Қазақстан республикасы Статистика агенттігі / Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2009. – Астана, 20207 – 552 б.
3. Железняков Б.А. Таңбалы. – Алматы, 2016. – 239 б.
4. Жетісу: Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 . – 709 б.
6. Жетісу энциклопедия. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 712 б.

Райымбек батыр кесенесі және ескерткіші

Бейбітұлы Болат

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор А.Б. Қалыш.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Жетісу өңірі көптеген тарихи оқиғалар мен осы өлкеде туған аттары тарихта қалған тұлғалар мен батырлардың өміріне куә киелі орындардың бірі болып саналады. Жетісу өңірі негізінен алғанда табиғаты өте қолайлы жанға жайлы жердің бірі. Сұлулыққа толы қасиетті Жетісу бойымен серуендеу көптеген адамдар жырлаған поэтикалық өлеңдердің негізіне айналды. Табиғаттың бар сұлулығын қамтыған Жетісу өзендері, көлдері, таулары мен жазықтары мыңдаған тарихты баяндайды. Сонымен осы өлкеде туған бүкіл Жетісу аймағында даңқы асқақтаған, батыр, қолбасшы, халық арасында әулие атанып кеткен Райымбек батыр туралы баяндалады. Райымбек Түкеұлы (1705- 1785) – батыр, қолбасшы.